# Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азияның экономикаларына арналған Арнаулы бағдарламасының шеңберінде Көлік және шекаралардан өту жобалық жұмыс тобының 2-мәжілісінің шешімдерін іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 қазан N 1544

Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азияның экономикаларына арналған Арнаулы бағдарламасының шеңберінде Көлік және шекаралардан өтуді оңайлату саласындағы жобалық жұмыс тобының 2-мәжілісінің шешімдерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азияның экономикаларына арналған Арнаулы бағдарламасының шеңберінде Көлік және шекаралардан өту жобалық жұмыс тобының 2-мәжілісінің шешімдерін іске асыру жөніндегі қоса беріліп отырған іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азияның экономикаларына арналған Арнаулы бағдарламасына қатысушы-елдерге, сондай-ақ БҰҰ-ның Еуропа экономикалық комиссиясы, БҰҰ-ның Азия мен тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы, Еуропа қауымдастығы комиссиясы, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, БҰҰ-ның сауда және даму жөніндегі конференциясы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Темір жолдардың ынтымақтастығы ұйымы, Халықаралық автомобиль көлігі одағы, Экспедиторлық ассоциациялардың федерациясы сияқты халықаралық ұйымдар мен мына халықаралық қаржы институттарына: Дүниежүзілік банкке, Азия даму банкіне, Еуропа қайта жаңарту және даму банкіне, Ислам даму банкіне шақыру жіберсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің негізделген сметалар мен растайтын құжаттарды ұсыну бойынша республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражаттың есебінен Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азияның экономикаларына арналған Арнаулы бағдарламасының шеңберінде Көлік және шекаралардан өту-жобалық жұмыс тобының 3-мәжілісін

өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 9 қазандағы
N 1544 қаулысымен
бекітілген

Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азияның
экономикаларына арналған Арнаулы бағдарламасының шеңберінде
Көлік және шекаралардан өту - жобалық жұмыс тобының
2-мәжілісінің шешімдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралардың
Жоспары

| N р/с | №Іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Орындау мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Шекаралардан өтудің қазіргі практикасын талдау:<br>- Шекаралардан өту. дің негізгі пункт. терін айқындау және олардың бітімдік сипаттамаларын, тасы. малдардың көлемін және транзитті қоса алғанда тұрып қалулар мен шығасыларға бай. ланысты кез-келген өзге де ақпаратты көрсету<br><br>- Жүк тасымалдарына | Көлік, коммуника. циялар және туризм министр. лігіне ақпарат ұсыну | 1999 жылдың 30 қыркүйегі. не дейін | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Ұлттық қауіпсіз. дік комитетінің Шекаралық қызметі (келісім бойынша) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қызмет көрсету кезіндегі өткізу пункттерінің техникалық жай-күйін және шекарадағы қызметті айқындау | | | |
| 2. | БҰҰ-ның 48/11 АТМЭ ӘК "Автомобиль және темір жол көлігі - тасымал. дауды жеңілдету жөнін. дегі шаралар" туралы қарары ұсынған мына конференцияларға қосылу жөніндегі құжаттардың пакетін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу:<br>1. Коммерциялық мақсаттар үшін қызмет ететін жолдық тасымалдау құралдарын уақытша әкелуге қатысты кедендік конвенция (18/05/1956)<br>2. Контейнерлер туралы кедендік конвенция (2/12/1972)<br>3. Шекарада жүктерге бақылау жүргізудің шарт. тарын келісу туралы халық. аралық конвенция (21/10/1982) | Үкіметтің қаулысы, Заңның жобасы | 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| 3. | Орталық Азиядағы көліктік инфрақұрылым және шекарадан өту саласында орындалатын жұмыстар бойынша деректер. дің базасын құру | Деректердің банкі | 1999 жылдың 1 қазанына дейін | Көлік, коммуни. кациялар және туризм министрлігі |
| 4. | Көлік және шекаралардан | Бағдарламаның | 1999 жылдың | Көлік, коммуни. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | өту жобалық жұмыс тобының<br>1999-2000 жылдарға арналған<br>жұмыс бағдарламасының жоба.<br>сы бойынша ұсыныс енгізу<br>және ресурстарды жұмылдыру | келісілген<br>жобасы | 1 қазанына<br>дейін | кациялар және<br>туризм министр.<br>лігі<br>Сыртқы істер<br>министрлігі |
| 5. | Еуропалық Одаққа "ТРАСЕКА<br>дәлізінің жердегі көліктік<br>бағыттары бойынша егжей-<br>тегжейлі зерттеу жүргізу:<br>транзиттік және шекара<br>арқылы тасымалдауларға<br>кедергілерді анықтау"<br>жобасын қаржыландыру<br>туралы сұрау жолдау | Еуропалық<br>Одаққа сұрау<br>салу | 1999 жылдың<br>30 қыркүйегі.<br>не дейін | Сыртқы істер<br>министрлігі<br>(шақыру), Көлік,<br>коммуникациялар<br>және туризм<br>министрлігі |
| 6. | Жобалық жұмыс тобының<br>ұсынымдарына сәйкес<br>шекарадан өту рәсімдерін<br>оңайлату және халықаралық<br>тасымалдауларды дамыту<br>мәселелері бойынша<br>ұлттық комиссия құру | Үкіметтің<br>қаулысы | 1999 жылдың<br>1 қарашасына<br>дейін | Көлік, коммуника.<br>циялар және<br>туризм министр.<br>лігі, Сыртқы<br>істер министр.<br>лігі |
| 7. | 1999 жылдың 18-19 қазанын.<br>да Алматы қаласында Көлік<br>және шекаралардан өту<br>жобалық жұмыс тобының<br>3-мәжілісін өткізу | Мәжіліске<br>дайындық<br>және оны<br>өткізу | 1999 жылдың<br>қыркүйек-<br>қазаны | Көлік, коммуни.<br>кациялар және<br>туризм министр.<br>лігі, Сыртқы<br>істер министрлігі |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК